

Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің шаруашылық жүргізу құқындағы "Октябрьский" және "Бурненский" мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарынан жерлерді алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 қыркүйек N 1356

Қарамағындағы жердің қажеттігі болмауына байланысты және Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" U952717_ заң күші бар Жарлығының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің шаруашылық жүргізу құқындағы "Октябрьский" және "Бурненский" мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жер пайдалануындағы жерлер қосымшаға сәйкес алынсын және босалқы жер құрамына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер

ресурстарын басқару жөніндегі комитеті аталып отырған жер пайдаланушылардың жер-есеп құжаттамасына өзгеріс енгізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 10 қыркүйектегі
N 1356 қаулысына қосымша

"Октябрьский" және "Бурненский"
МАК-нан алынып тұрақты жер пайдаланысына
бекітілген жерлердің
Экспликациясы

Жер пайдаланушылардың атауы	Жалпы Егістік ауданы (га)	Жайылым Барлық ауыл шаруашылығы алқаптары
-----------------------------	---------------------------	---

Барлы Оның ғы ішінде	барлығы Оның ішінде суармалысы
----------------------	--------------------------------

суармасы

"Октябрьский" 7044 6166 2037 516 6855 2037

мемлекеттік
ауыл шаруашылығы
кәсіпорны

"Бурненский" 12908 8586 2393 3321 12168 2393

мемлекеттік
ауыл шаруашылығы
кәсіпорны

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.